



Абылғазинов Қалым Байкенұлы

Тарих пәнінің мұғалімі.

Марапаттау: «Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі» (1966 ж.).

Абылғазинов Қалым Байкенұлы 1926 жылы 26 мамыр күні дүниеге келген. Новосибир облысы, Қарасуық ауданы Тоқпан ауылынан шыққан саналы азаматтардың бірі болып келеді. Мамандығы — мұғалім. 1950-1954 жылдары Алматыдағы Абай атындағы Педагогикалық институтының тарих факультетін бітірді.

1941 жылы ел басына күн туған ауыр кезінде Павлодар облысы Лозовск ауданында 15 жасынан еңбек жолын бастады. Совет армиясы қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Өзінің ұстаздық еңбек жолын Семей облысы Беген орта мектебінен бастап, мектеп директорының, партия ұйымының хатшысының қызметін атқарды.

1972 жылы Лебяжі совхозының партия ұйымының хатшысы болды. 1977 жылдан 1982 жылдар аралығында Шарбақты орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет етті. Ұлы Отан соғысының ардагері Қалым Байкенұлы өмірінің бар саласын партия совет қызметтеріне арнап, сонымен бірге жастар тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз болды. Еңбек жолында Қалым Байкенұлын партия ұйымы қызметтерінде өткен еңбегін басшылары әділ бағалап, «Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі» атағына ұсынылып, мәртебелі атақпен марапатталған.